



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*2020 жылғы халықтың құқық қорғау органдарына деген  
сенімділік деңгейі*

## Мазмұны

S.1 Байланыс деректері

S.2 Өзектілік- кіріспе

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.5 Өлшем бірлігі

S.6 Есепті кезең

S.7 Құқықтық негіз

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.10 Тарату жиілігі

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.13 Сапаны басқару

S.14 Өзектілік

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.17 Салыстырмалылық

S.18 Келісушілік

S.19 Жүктеме

S.20 Деректерді қайта қарау

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро).

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті.

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Саңғылбаев Дәурен Серікұлы.

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы.

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8,  
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс.

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

d.sangylbaev@aspire.gov.kz

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

8 (7172)74-93-74.

## S.2 Өзектілік-кіріспе

Зерттеудің мақсаты халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі, өздерінің қауіпсіздігін қабылдау және қылмыс деңгейін субъективті бағалау туралы репрезентативті деректерді алу, құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алу болып табылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Құқық қорғау органдарының ведомствоаралық жоспары шеңберінде Бюро халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейін айқындау үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп 2016 жылы «Халықтың құқық қорғау органдарына деген

сенімділік деңгейі» іріктемелі зерттеуін өткізді. 2016 жылы зерттеу кезеңділігі біржолғы болды.

Мемлекет Басшысы, Президент Әкімшілігі берген тапсырманың орындалуын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 13-тармағына сәйкес 2019 жылдан бастап Бюро «Азаматтармен өзара іс-қимыл» блогы бойынша 2017 жылғы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша аталған зерттеуді жылына бір рет жүргізеді.

Зерттеу сұрақнамасы әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 бұйрығымен бекітілді. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19791 болып тіркелді.

Жалпы сұрақнама келесі бөлімдерден тұрады:

- 1) респонденттің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары;
- 2) өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыстылық деңгейін субъективті бағалау;
- 3) халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі;
- 4) құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер.

#### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ).

#### S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға үй шаруашылықтары кіреді.

#### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Байқау түрі - жаппай байқау;
2. Нысан индексі "УДН";
3. Респонденттің 2020 жылға арналған статистикалық нысанды тапсыру мерзімі - 13 мамыр мен 22 маусым аралығында (қоса алғанда);
4. Мына анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:
  - 1) алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену;
  - 2) бұзақылық – қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті аса қатыгездікпен бұзу;

3) зорлау - жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау;

5. Статистикалық нысан Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)/Респонденттерге/2020 жылғы статистикалық нысандар/Жылына бір рет.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылығы мүшелері.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде 15 жастан асқан үй шаруашылығының бір мүшесі ғана сұралады.

Үй шаруашылығында біреуден көп респонденттер тұрған жағдайда сауал салу үшін респонденті іріктеу «ең жақын туған күн» әдісімен жүзеге асырылады (туған күні ең жақын кезеңде болатын үй шаруашылығының мүшесі таңдалады).

Бас жиынтықты қалыптастыру ерекшеліктері: бас жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерді, жатақханаларды, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат - үйлерді, балалар үйлерін, түрмелерді, Қонақ үйлерді, діни қауымдарды және басқа да осыған ұқсас тұрғын үй-жайларды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типтері енгізіледі; ақпарат жинау кезінде интервьюерлерге жүктемені төмендету мақсатында бас жиынтықтан тұрғындарының саны 100 үй шаруашылығынан кем елді мекендер алып тасталады.

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар және республикалық маңызы бар қалалар, астана).

#### S.4.8 Қамту уақыты

Деректер 2016 жылдан бастап қалыптастырылады (біржолғы). 2019 жылдан бастап (жылына бір рет).

#### S.4.9 Базалық кезең

Былырғы жылдың тиісті кезеңімен ара қатысы белгіленеді.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз.

#### S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет.

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Заңнамамен белгіленген тәртіпте бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «10» желтоқсандағы № 13 бұйрығымен бекітілген, Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 желтоқсанда № 19732 болып тіркелді.

## S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

### S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің күпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Ұлттық статистика бюросының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Ұлттық статистика бюросының есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың күпиялылығын оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы болу шартында қамтамасыз ету болып табылады.

### S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатты ұсыну және пайдалану ережесі. ҚР Әділетминінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

## S.9 Жарияланымдар саясаты

### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Басты бет»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

#### S.9.2 Графикке қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Басты бет»/«Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бірдей және бір мезгілде қолжетімді.

#### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Құқық бұзушылық статистикасы.

#### S.10 Тарату жиілігі

Жылына бір рет.

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

2020 жылы баспасөз шыққан жоқ (жоспарда қарастырылмаған).

##### S.11.2 Жарияланымдар

«2020 жылғы халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі» статистикалық бюллетені жыл сайын Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика / Салалар бойынша / Құқық бұзушылық статистикасы / Статистика / Бюллетень бөлімінде Excel форматында, қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

##### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі > Құқық бұзушылық статистикасы.

##### S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -консультациялар

Іске асырылмаған.

##### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Ресми статистиканы дайындау мақсатында жиналған деректерді тарату «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабында көзделген талаптарға негізделеді, осыған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығына және қорғалуына кепілдік қамтамасыз етіледі.

Микродеректерге қолжетімділік және микродеректердің анонимділігі Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда №6388 болып тіркелген.

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 AC 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «10» желтоқсандағы № 13 бұйрығымен бекітілген, Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістемесі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 13 желтоқсанда № 19732 болып тіркелді.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының басшысы 2020 жылғы 16 қарашада бекіткен Сапа саласындағы саясат.
2. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процестер карталары.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Бюрода ISO 9001 ұлттық және халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесі бар.

Құқық бұзушылық статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау;



- «тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімін» пайдалану;
- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде форматтық-логикалық бақылау;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада).

#### S.13.2 Сапаны бағалау

«Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейі» бюллетенінің деректері негізінде жыл сайын БҰҰ БЖК (есірткі және қылмысқа қарсы күрес басқармасы) халықаралық сұрақнамасы толтырылады.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі.

##### S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізеді. Сонымен қатар, пайдаланушылардың сауалдарына жауаптар ресми түрде де, құзырет шеңберінде де жүйелі түрде қалыптасады.

##### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Зерттеуге 18005 үй шаруашылығы қатысты, қамту деңгейі 100%.

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

##### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы «10» желтоқсандағы № 13 бұйрығымен бекітілген, Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейіне іріктемелі зерттеу жүргізу бойынша әдістемесіне сәйкес іріктеме көлемі шығынның және қойылған нәтижелердің дәлдігі өлшемшарттарының ұтымды үйлесімі қағидатының негізінде айқындалады. Іріктемелі байқауды ұйымдастыру кезінде іріктеменің көлемі ең алдымен іріктеме қатесінің көлеміне байланысты. Іріктеменің көлемін ұлғайтса, оның қатесі шағын көлемге дейін азаяды. Статистикалық бағалау дәлдігінің көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі және іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі пайдаланылады.

### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Зерттеу барысында үй шаруашылықтарынан сұрау салуды жинау мүмкіндігі болмайтын жағдайлар орын алады. Себептердің екі түрі бар, олар: объективті және субъективті.

Зерттеуден бас тартудың объективті себептері:

үй бұзылған;

кетіп қалған, пәтер (үй) бос;

пәтерлер біріктірілген;

бұзуға түскен үй;

үй (мекенжайы) табылмаған;

өзге себептер (үй-жайдың мақсатының өзгеруі).

Зерттеуден бас тартудың субъективті себептері:

үй шаруашылығының зерттеуге қатысудан бас тартуы.

#### S.15.3.1 Қамту қатесі

Зерттеу барысында іріктеп алынған тұрғын үй табылмауына, үй-жайдың нысаналы мақсаты өзгергенде, оған адам қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін. Көрсетілген жағдайлар іріктеменің көлемін қысқартады және іріктеменің ықтимал ығысуының көзі болып табылады.

Деректерді алмау проблемасын еңсерудің тиімді профилактикасы әрбір жағдайды құжаттау болып табылады.

«Ауыстыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындық туындаған жағдайда, резервтік үй шаруашылықтарының тізімін алдын ала қарастыру тиіс.

Резервтік үй шаруашылығы тізімінен іріктеу жақын орналасқан үй шаруашылығын анықтау арқылы жүзеге асырылады. Сауал салуға қатыса алмайтын үй шаруашылықтарына жақын орналасқан үй шаруашылықтары ауыстыру үшін таңдалады.

2020 жылға ешқандай жағдай болған жоқ. Қамту 100%.

#### S.15.3.1.1 А2. Қамтуды арттыру - үлес

Болған жоқ.

#### S.15.3.1.2 А3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

### S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

#### S.15.3.3.1 А4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

#### S.15.3.3.2 А5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

### S.16 Уақтылық және ұқыптылық

#### S.16.1 Уақтылық

##### S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Шығарылым күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген. Бірінші жылдық нәтижелер бюллетеньде респонденттердің алғашқы статистикалық ақпараттарды ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін 151 күн өткен соң жарияланады.

##### S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Зерттеу қорытындылары статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жыл сайын жарияланады және ақырғы болып табылады.

#### S.16.2 Ұқыптылық

##### S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

2020 жылға арналған статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес «2020 жылғы халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі» бюллетеннің жариялау мерзімі 2020 жылдың 20 қарашасы.

Нақты және жоспарланған күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімдері бұзылған жоқ. Егер жариялау мерзімі демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келсе, жариялау мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

### S.17 Салыстырмалылық

#### S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағы шегінде өңірлер арасында.

##### S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

Жоқ.

##### S.17.2 Салыстырылатын уақыт қатарларының ұзақтығы/СС2

Динамикалық кестелерде 2016 жылғы бірреттілік зерттеуі және 2019 және 2020 жылдардағы деректер көрсетілген.

## S.18 Келісушілік

### S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Зерттеу құралдары халықаралық статистикалық стандарттарға сәйкес жасалған. Аталған зерттеуді жүргізу кезінде Бюро БҰҰ-ның қылмысқа және есірткіге қарсы күрес басқармасының нұсқауларына сүйене отырып, осы ұйымның сараптамалық қолдауын. Сондай-ақ «Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі» зерттеу жүргізу кезінде «Азаматтардың қауіпсіздігі» іріктемелі зерттеуі бойынша Италия статистика институтының әріптестерінің тәжірибесін қолданады.

### S.18.2 Ішкі келісушілік

Зерттеу іріктеу әдісі бойынша тұрғындармен сұрау салу жүргізу арқылы жүргізілді. Іріктеме көлемі 18005 үй шаруашылығын немесе жалпы халықтың 0,35% -ын құрады, бұл республика өңірлер деңгейінде мәліметтердің репрезентативтілігін қамтамасыз етті.

Республикада халықтың 35,9%-ы прокуратураға сенуге болады деген тұжырыммен толық келіседі, бұл 2019 жылға қарағанда 10,0%-ға аз (45,9%).

Сонымен қатар, ішінара келісетіндіктерін атап өткендер - 31,0% (2019 ж. - 43,4%), ішінара келіспейтіндер - 4,6% (1,6%), толық келіспейтіндер - 1,6% (1,0%), бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін - 26,8% (8,1%).

Халықтың 37,0%-ы сыбайлас полиция органдарына сенуге болады деген тұжырыммен толық келіседі, бұл 2019 жылға қарағанда 1,3%-ға аз (38,3%).

Ішінара келісетіндіктерін атап өткендер – 38,4% (2019 ж. – 51,2%), ішінара келіспейтіндер – 6,3% (3,3%), толық келіспейтіндер – 2,7% (2,3%), бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін – 15,6% (4,9%).


Халықтың 24,5%-ы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенуге болады деген тұжырыммен толық келіседі, бұл 2019 жылға қарағанда 0,8%-ға аз (25,3%).

Ішінара келісетіндіктерін атап өткендер – 27,1% (2019 ж. – 39,9%), ішінара келіспейтіндер – 4,4% (2,2%), толық келіспейтіндер – 1,8% (1,6%), бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін – 42,1% (31,0%).

Халықтың 20,5%-ы экономикалық тергеу қызметіне сенуге болады деген тұжырыммен толық келіседі, бұл 2019 жылға қарағанда 3,9%-ға аз (24,4%).

Ішінара келісетіндіктерін атап өткендер – 25,3% (2019 ж. – 35,7%), ішінара келіспейтіндер – 3,0% (1,6%), толық келіспейтіндер – 1,3% (1,2%), бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін – 49,9% (37,1%).

## Құқық қорғау органдарына сенім дәрежесі



Жалпы, зерттеу нәтижелері құқық қорғау органдарына деген сенімсіздіктің шамалы өскендігін көрсетеді.

### S.19 Жүктеме

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда нақтылау (қайта толтыру). Орташа алғанда статистикалық нысанды толтыруға бір респондент шамамен 40 минут уақыт жұмсайды.

### S.20 Деректерді қайта қарау

#### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

УДН Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі іріктемелі зерттеу нысаны ҚР заң актілеріне сәйкестікке келтіру мақсатында қажет болған жағдайда қайта қаралды. Жұмыс тобының 2019 жылғы 30 мамындағы хаттамалық шешімімен нысанды қайта қарау 2019 жылы жүзеге асырылды.

### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

#### S.21.1 Бастапқы деректер

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізу негізінде құрылған. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін бас жиынтық ретінде «Статистикалық тұрғын үй қоры тіркелімі» (бұдан әрі – СТҮҚТ) болып табылады. Аталған деректердің бірқатар артықшылықтары бар:

іріктеменің дайын шеңберінің бар болуы;

тұрақты өзектілендірілетін деректер қорының бар болуы;

аумақтық бөліністе үй шаруашылықтары туралы ақпараттардың бар болуы.

ТҮҚСТ есепке алудың бірліктері Қазақстанның аумағында орналасқан барлық тұрғын үйлер және тұрғын үй- жайлар болып табылады. Оларға пәтерлер, бір пәтерлі (жеке) үйлер, екі пәтерлі үйлер, үш және одан да көп пәтерлі үйлер кіреді.

ТҮҚСТ дерекқоры екі кестеден тұрады, үй – негізгі кесте, ол жалпы тұрғын үй бойынша ақпаратты қамтиды; пәтер – қосымша кесте, ол тұрғын үйдегі әрбір пәтер бойынша ақпаратты қамтиды.

#### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

Жылына бір рет.

#### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізуге негізделген. «Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі іріктемелі зерттеу нысаны» УДН статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште деректерді жинау жүзеге асырылады.

#### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі форматты-логикалық бақылауды қамтиды.

Анықтықты тексеру мыналарды қамтиды:

- негізгі жиынтықты қамтудың сәйкестігін тексеру;

- статистикалық процестерді алдыңғы циклдермен салыстыру.

#### S.21.5 Импутация - үлесі/A7

Қолданылмайды.

#### S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

#### S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзету

Қолданылмайды.

#### S.22 Ескерту

Статистикалық деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.